

Желтоқсан айының І апта 2– 6 аралығындағы ПДТ «Құлпынай» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным!»

Апта тақырыбы: «Алақай, қыс келді!»

Тәрбиеші: Джамалова Гүлзира

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.12.19	Сейсенбі 03.12.19	Сәрсенбі 04.12.19	Бейсенбі 05.12.19	Жұма 06.12.19
Балаларды қабылдау Ата- аналармен әңгімелеу	Тәрбиешінің балалармен қарым қатынасы: отбасы дәстүрлер туралы жеке әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
Ойындар (үстел-үсті, саусақ, дидактикалық және т.б)		Әңгімелесу: «Менің Қазақстаным» Мақсаты:Сурет бойынша әңгімелеуге үйрету, сөздерді айтуға жаттықтыру.	Дидактикалық ойын: «Үлкен-кіші», «Түсіне қарап таңда» (пазлдар). Мақсаты: Заттарды шамасымен қарай салыстыру дағдысын дамыту: түстерді ажыратуға тәрбиелеу.	«Қыс ерекшеліктері» Мақсаты:Балаларға қыс айлары ауарайындағы өзгерістер,Қыста қалың қар жауатынын,адамдар жылы киімдерін киетінің түсіндіру.	Әңгімелесу: «Қ.Р.Елбасының портретін тамашалау» Мақсаты: Балаларға ең алғашқы Елбасы туралы түсінік беру.туған елге деген мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу.
Таңертеңгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу.№6				
Таңғы ас	Балаларды оқу қызметіне дайындау үшін ойындар ұйымдастыру				
Ойындар Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық		Қимылды ойын: «Тура және кері санау» Мақсаты: Өздері білетін сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.	Қимылды ойын: «Өз түсінді тап» Мақсаты: Балалардың түстерді ажыратып,таба білуіне үйрету.	Қимылды ойын: «Ұшақ» Мақсаты: Қимыл қозғалыстарының үйлесімділігін, тепе-теңдігін дамыту.	Дидактикалық ойын: «Тура және кері сана» Мақсаты: Өздері білетін сандарды тура және кері санауға үйрету.
Ұйымдастырылған оқу қызметтері.		Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Үшбұрыш» Мақсаты: жаңа геометриялық пішінмен – үшбұрышпен таныстыру. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету; көру-қозғау жолымен зерттеу білігін дамыту Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ойын ойнауды ұнатамыз» Негізгі қимылдары: 1 метр қашықтықта тұрып педагогтің лақтырған добын қағып алу және лақтыру. Орнында тұрып ұзындыққа секіру (35 см). Мақсаты: аяқ және дене бұлшық ет-сіңір аппаратын нығайту.	Музыка Тақырыбы: «Аққала» Мақсаты: Көңілді сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау, әуен сипатына үн кату, оның бөліктерінің өзгеруін ажыратып, би қимылдарын орындау; дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуға баулу; музыканы тыңдауға, ырғақты сезіне білуге үйрету. Музыка тыңдау: «Ақша қар» К.Қуатбаев, Қ. Ыдырысов. Ән айту: «Аққала» Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев. «Арша» Б.Қыдырбек, И.Сапарбай Көркем әдебиет Тақырыбы: «Маша мен аю» (орыс халық ертегісі) Мақсаты:Ертегінің мазмұнын түсіндіруге, кейіпкерлердің әрекеттерін бағалауға көмектесу.	Құрастыру Тақырыбы: «Орындық және кресло» Мақсаты:құрылыс материалдарымен құрастыру дағдыларын қалыптастыру, әр түрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден орындық және кресло құрастыра білуге үйрету. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ауылға сапар шегеміз» Негізгі қимылдары: гимнастикалық қабырғаның екінші сатысына бекітілген көлбеу тақтайдан сырғанау. 1 метр қашықтықта тұрған педагогтің лақтырған добын қағып алу және лақтыру. Мақсаты:денесін тік ұстау, қимыл үйлесімділігін қалыптастыру.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Қыс келді» Мақсаты: Қыста табиғатта болатын құбылыстар жайлы түсінігін кеңейту. Байқампаздық қабілетін, жыл мезгілдері мен ауа райының арасындағы қарапайым себеп-салдар байланысын анықтау қабілетін дамыту. Барлық тіршілік иелеріне қамқорлық жасауға үйрету. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қыс қызығы» (таза ауада) Негізгі қимылдары: сапта бір-бірлеп, шашыла жүру және жүгіру. Затты айнала екі аяқпен секіру.Төбешіктен шанамен сырғанау. Мақсаты:шанамен сырғанау дағдыларын қалыптастыру. Сурет салу Тақырыбы: «Ұзын құлақ сұр қоян» Мақсаты: Бірнеше бөліктерден тұратын пішіндерді үйлестіре білуге жаттықтыру, дөңгелек және үлкен-кіші сопақша дөңгелектерді қосу арқылы қоянның бейнесін салуға жаттықтыру. Балалардың

					андарға деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, қадағалау.				
Серуен	1. Бақылау.Қыстың негізгі белгілерін бақылау. Мақсаты:балаларды қыстың белгілерін ажырата білуге үйрету. 2.Еңбек:Біздің аула Мақсаты: Ауладағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. 3 Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты:Балаларды ептілікке тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс:алдағы тосқауылдан еңбектеп жүгіруге секіруге жаттықтыру, Мақсаты.балаларды ептілікке,шапшаңдыққа баулу. 5. Еркін ойындар				
Серуеннен оралу	Шешкен киімдерін бүктеуді,киімі мен аяқ киімін шкафтарына салу,таза ұстау және жинау.				
Түскі ас	Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау,тамақты оң қолмен жеуін қадағалау.				
Ұйқы		«Әлди -әлди балашым» әнімен ұйықтату	«Әлди -әлди балашым» әнімен ұйықтату	«Балапаным» әнімен ұйықтату.	«Тәттім» әнімен ұйықтату.
Біртіндеп ояту, ауа, су шаралары,	Ұйқыдан ояту. Төсектерінде жатып аяқтарын көтеріп, қолдарын созып, керілу арқылы сергектендіру. Киімі мен аяқ киімдерін киюді, тәрбиешінің көмегімен өзін тәртіпке келтіре білуге үйрету.				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты ішу				
Ойындар дербес әрекет.		Вариативтік компонент «Ертегілер еліне саяхат» Тақырыбы:«Үйшік» ертегісі Мақсаты: Ертегіні еске түсіру арқылы бала-лардың тілдерін дамыту.	Еңбек:Табиғат бұрышын жинастыру. Мақсаты:балаларды тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1.Саусақ ойыны: Саусақтардан гүл ашайық. Саусақтарды ашып-жұмып, А-ә,о-ө,ү-ұ. Мақсаты: Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға тәрбиелеу. 2. Қимылды ойын: «Көтермек» Мақсаты: Ойын ережесін орындай білуге және ұстамдылығын дамыту.	1.Үстел үсті ойыны Мақсаты: Үстел үсті театры арқылы ертегі құрастырып айту. 2. «Шаштараз» сюжеттік –рөлдік ойыны. Мақсаты:Балалардың қызығушылықтарын арттыру,тілдерін дамыту,сөздік қорларын молайту,мәдениеттілікке баулу.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс		Азизаға Жаңа жыл тақпағын жаттату. Мақсаты: есте сақтау қабілетерін арттыру, тілін дамыту.	Хақназарға асықты түсіне қарай айырып орыналастыруды үйрету. Мақсаты: түстерді ажырата отырып санауды үйрету.	Айкөркемге қыс туралы тақпақ жаттатып үйрету. Мақсаты: тақпақ жаттау арқылы сөздік қорын молайту.	Әминаға қыс киімдердің атын айтқызып ойнау. Мақсаты: Түстерді ажырата білуге, атауға, есте сақтауға баулу, есте сақтау қабілетін дамыту.
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, қадағалау.				
Серуен	Қимылды ойын: ««Аңшы мен қояндар» Мақсаты: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру.				
Серуеннен оралу	Киімдерін рет -ретімен жинап сөрелеріне салу.				
Балалардың үйге қайтуы		Әңгімелесу «Жаңа жыл»мереке туралы түсіндіріп,кейіпкерлермен таныстыру»	Кеңес «Балаңызды жаман әдеттерден сақтаңыз»	Өлеңдер «Тәуелсіз елім» берілген өлеңдерді жаттауды қадағалау	Көрме «Тәуелсіз елім – Қазақстан» Баламен бірігіп сурет салып әкелу» .

Желтоқсан айының II апта 09– 13 аралығындағы ПДТ «Құлпынай» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным!»

Апта тақырыбы: «Тәуелсіз Қазақстан!»

Тәрбиеші: Джамалова Гүлзира

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.12.19	Сейсенбі 10.12.19	Сәрсенбі 11.12.19	Бейсенбі 12.12.19	Жұма 13.12.19
Балаларды қабылдау Ата- аналармен әңгімелеу	Тәрбиешінің балалармен қарым- қатынасы. Ата-аналармен жеке әңгімелесу. Дене қызуы мен тазалығына көңіл бөлу, жағымды жағдай орнатуға арналған ойындар.				
Ойындар (үстел-үсті, саусақ, дидактикалық және т.б)	Әңгімелесу: «Менің Қазақстаным» Мақсаты: Сурет бойынша әңгімелеуге үйрету, сөздерді айтуға жаттықтыру.	Ән айту: «Отан ана» Мақсаты: Жаттаудың мазмұнына қарай, қимылмен көрсете отырып, мінерлеп айтуға үйрету.	Санамақ: Бір-екі-үш. Саусақтарды санайық тез. Тату болып мықты Бәрі қажет тіпті.	Ән: «Сәлем Қазақстан» Қазақстан отан еліміз Біз бақытты баламыз Ән саламыз,,би билеп Сәлем беріп иіліп	Үстел үсті ойыны: «Мозайка» Мақсаты: Мозайканы түстері бойынша орналастыру досына гүл жасау.
Таңертенгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу №6				
Таңғы ас	Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу				
Ойындар Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Дидактикалық ойын: «Кімге қандай құрал қажет» Мақсаты:Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшандыққа баулу.	Қимылды ойын: «Тура және кері санау» Мақсаты: Өздері білетін сандарды тура және кері санауға жаттықтыру.	Қимылды ойын : «Орамал тастау» Мақсаты: Балаларды татулыққа,достыққа үйрету.	Қимылды ойын : «Күн мен түн» Мақсаты: Балаларды шапшандыққа , жылдамдыққа үйрету.	Қимылды ойын : «Ұшақ» Мақсаты: Қимыл - қозғалыстың үйлесімдігін, тепе-теңдігін дамыту.
Ұйымдастырылған оқу қызметтері.	Музыка Тақырыбы: «Шыршамызға арнаймыз» Мақсаты: аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру; вальс әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; музыкаға қызығушылығын ояту. Музыка тыңдау:«Жаңа жыл» Қ.Шілдебаев. Ән айту:«Арша»Б.Қыдырбек, И.Сапарбай. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Жаңа жыл» Б. Бейсенова(үнтаспада)«Ақшақарл ар биі (Вальс)П.Чайковский «Қар лақтыру» («Балалар полькасы») Орыс тілі Тема: «Предметы туалета» Цель:Учить различать и называть предметы туалета и их назначение; уметь слушать и понимать простую речь; расширить словарный запас;	Мүсіндеу Тақырыбы: «Шырша ойыншықтары» Мақсаты: Шырша ойыншықтары туралы жалпы түсінік беру. Әртүрлі пішіндерді мүсіндеу және бір ұшын үшкірлеп мүсіндеу іскерліктерін шыңдау. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Хайуанаттар бағы» Негізгі қимылдар: еденде жатқан кедергілерден аттап өту(олардың арақашықтығы – 25 см). Гимнастикалық қабырғаның екінші сатысына бекітілген көлбеу тақтайда еңбектеу. Мақсаты:заттардан аттап өту дағдысын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Марғау қыс мезгіліне қалай таңғалды?»(Әңгіме құрастыру). Мақсаты: Тәрбиеші көмегімен табиғат көріністерін сипаттау бойынша қысқа әңгіме құрастыруға үйретуді жалғастыру. Қимыл әрекетті білдіретін етістіктерді дұрыс таңдап, оларды қолдана білуді үйрету. Сурет салу Тақырыбы: «Мерекелік отпашу» Мақсаты: Балаларды қарындашты дұрыс пайдаланып сурет салуға жаттықтыру. Мерекені қуанышпен қарсы алу арқылы эмоциялық көңіл күйлерін көтеру. Үзік сызықтарды үйлестіре қосу арқылы отпашудың суретін салуға үйрету.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Үлкен, кіші, кішкентай. Оң жақ – сол жақ» Мақсаты: көлемі туралы ұғымдарын қалыптастыру – үлкен, кішірек, кішкентай. таныс заттарды көлемі бойынша: үлкен, кішірек, ең кішкентай – салыстыруды жалғастыру Дене шынықтыру Тақырыбы: «Хайуанаттар бағын мекендеушілер» Негізгі қимылдары: алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру(арақашықтығы – 10 метр). Едендегі 20 см қашықтықта орналасқан кедергілерді аттап өту, тепе-теңдікті сақтау.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Аққала» Мақсаты: Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру. Қарапайым тәжірибелік-зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру. Қайырымдылық, ізгілік, бір-біріне қол ұшын беру сынды қасиеттерге баулу. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біздің сүйікті ойындарымыз» (таза ауада) Негізгі қимылдары: сапта бір қатарда тұрып қарқынды өзгерте жүру және жүгіру. Төбешіктен қуыршақты, қонжықты шамамен сырғанату. Құрсаудан-құрсауға секіру. Мақсаты: дене жаттығуларын жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру

	воспитывать у детей культурно-гигиенические навыки, желание всегда быть красивыми, чистыми, аккуратными, уважительно относиться к своему телу. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: Құртақанды киіндіреміз Мақсаты: қоршаған ортадағы заттар туралы білімдерін кеңейту. Міндеттері: 1. Киім туралы түсінік беру, жыл мезгілдерінің өзгерістеріне байланысты киімдерді сараптай білуді үйрету. 2.Маусымдық өзгерістеріне сәйкес киімдерді тандау дағдыларын қалыптастыру. 3. Тиянақтылықты, мәдени-гигиеналық дағдыларды тәрбиелеу.				
Серуенге дайындық	Өз сөрелерін танып,киімдерін киуге,сырмаларын, түймелерін қадауға үйрету.				
Серуен	1.Қар үстіндегі іздерді бақылау. Мақсаты:балаларды қар үстіндегі адамдардың,жануарлардың,құстардың ізін айырып,білуге үйрету.байқағыш ойлау қасиеттерін қалыптастырып,толықтыра түсу. 2.Еңбек:құстар үшін жемсалғыш жасап,оны ағашқа іліп қою,жем салу. Мақсаты:қыстаған құстарға,хайуанаттарға қамқоршы болуға тәрбиелеу. 3.Қимылдық ойын: «Ақ қоян» Мақсаты:балаларды ептілікке баулу. 4. Жеке жұмыс: бір құстың лабиринттен шығу жолы туралы ертегіні ойластыру. Мақал:Жемберсең құсқа қыста,сауабы тиер оның жазда. 5.Еркін ойындар.				
Серуеннен оралу.	Өз бетімен шешіну, киімдерін реттеп сөрелеріне жинау, күтушіге көмек көрсету.				
Түскі ас	Тамақты ұқыпты ішу, майлықты дұрыс қолдану, алғыс айту				
Ұйқы	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату	«Балапаным» әуенімен ұйықтату.	«Қошақаным» әуенімен ұйықтату.әуенімен ұйықтату.	«Бесік жыры» әуенімен ұйықтату.	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату.
Біртіндеп тұру, ауа,су шаралары,	Көңілді әуенмен балаларды біртіндеп ұйқыларынан тұрғызу.Массажды кілеммен жүргізіп,ұйқыашар жаттығуларын жасату.				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты тауысып ішу.				
Ойындар дербес әрекет.	Үстел үсті театры арқылы «Тырна мен түлкі» Мақсаты: балалардың сөздік қорын дамыту. Еңбек: Ойыншықтар бұрышынлағы (ойыншықтарды реттестіріп жинау) Мақсаты:еңбек етуге талпыландыру,топ болып жұмыс жасауды үйрету.	Вариативтік компонент «Ертегілер еліне саяхат» Тақырыбы:«Үйшік» ертегісі Мақсаты: Балалардың тілдерін байыту және білімдерін кеңейту.	Сюжеттік ойын «Қуыршақты тамақтандыр» Мақсаты: ыдыс аяқпен таныстыру, сақ болу керектігін түсіндіру. Қимылды ойын: «Орамал тастамақ» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа,жылдамдыққа баулу.	Дидактикалық ойын: «Нені көріп тұрсыңдар?» Мақсаты: балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту. Құрастыру: «Үй айналасындағы биік дуал» Мақсаты: конструктор кірпіштерді жуан қырынан бірінің үстіне бірін қалай отырып,биік дуал тұрғызуды үйрету.	Өңгімелесу: Тәуелсіздік төрімде Мақсаты: 16желтоқсан - тәуелсіздік күні екені туралы түсіндіру, тәуелсіз, егемен деген сөздердің мағыналарын айту. Санамақтар айтқызу Кел санайық, санамақ. Саусақтарды даралап. Бас бармағым алғашқы, Балаң үйрек жалғасы. Ортан терек атасы. Шылдыр шүмек анасы,

					Шынашағым балапан, Бәріне ортақ алақан.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жұмыс	Алиханға Жаңа жыл тақпағын жаттату. Мақсаты: есте сақтау қабілетерін арттыру, тілін дамыту.	Наркизаға сурет бойынша әңгіме жүргізу. Қыс табиғатты әңгімелеу. Мақсаты: Баланың қыс мезгіліне деген қызығушылыққа тәрбиелеу.	Радмирға еркін тақырыпта сурет салғызу. Мақсаты: Баланың шығармашылығын дамыту.	Санжарға Қазақстан туынның түсін сұрау. Мақсаты: Баланың тілін дамыту.	Нұрасылға санамақ үйрету: Бір дегенім бір таяқ, Екі дегенім екі аяқ, Үш дегенім үшкір тас. Мақсаты: Саусақ арқылы санауды үйрету және саусақ моторикасын дамыту.
Серуенге дайындық	Өз бетімен киінуін қадағалау				
Серуен	Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр» Мақсаты: балаларды секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.				
Балалардың үйге қайтуы	«Қыс» туралы тақпақтарын қайталату.	«Дені саудың жаны сау» Балалардың денсаулығына назар аудару.	«Мерекелік шара» Жаңа жылға арналған өлеңдерін қайталату.	Әңгімелесу: «Жаңа жыл» мереке туралы түсіндіріп, кейіпкерлермен таныстыру.	Тақырыптық оқу қызметі: «Тәуелсіздік тұғырым!»

Желтоқсан айының III- апта 16 – 20 аралығындағы ПДТ «Құлпынай» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным!»

Апта тақырыбы: «Менің туған өлкем»

Тәрбиеші: Джамалова Гүлзира

Күн тәртібі	Дүйсенбі: 16.12.2019	Сейсенбі: 17.12.2019	Сәрсенбі: 18.12.2019	Бейсенбі: 19.12.2019	Жұма: 20.12.2019
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Балалардың көңіл-күйіне назар аудару. Топтық қарым-қатынас. Ойын: «Орамал тастамақ»				
Ойындар(үстел үсті, дидактикалық, саусақ т.б)			Дидактикалық ойындар: «Суретті құрастыр» Мақсаты: Баланы бірнеше бөліктерден тұратын, бір тұтас суретті құрастыра білуге үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу	Саусақ ойындар «Қысқыштардан гүл» Түрлі түсті картоннан дөңгелектер жасап таратылады.Оған сондай түсті қарындаштарды қыстырса гүл шығады	Санамақтар айтқызу Алма кетті домалап Өзен бойып жағалап Кім алманы қуады Сол ойыннан шығады Шық шық шық Сол алманы алып шық. Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа баулу.
Таңертенгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу №7				
Таңғы ас	Тамақты ұқыпты, асықпай жеуге, нанды қадірлей білуге үйрету. Тамақтан соң алғыс айта білулерін қадағалау.				
Ойындар . Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық			Жай қимылды ойын: «Тез орныңды тап» Мақсаты: балаларды шапшаңдылыққа тәрбиелеу.	Қимылды ойын: « Ұшақ» Мақсаты: Қимыл -қозғалыстың үйлесімділігін, тепе-теңдігін дамыту.	Қимылды ойын «Түсі қандай?» Мақсаты: Балаларға заттарды түсіне қарай ажырата білуге үйрету.
Ұйымдастырылған оқу қызметі (үзілістермен бірге)			Музыка Тақырыбы: «Қысқы әуен» Мақсаты: ересектермен бірге ән салуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету; балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау. Музыка тыңдау: «Шырша» Ж. Мұхамеджанов. Ән айту. «Аязата» Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев. «Аққала» Б. Дәлденбай, «Қар лақтыру» ойыны («Балалар полькасы») А. Жилинский Көркем әдебиет Тақырыбы: «Суретші қыс» (өлең) Қ.Нүсіпов Мақсаты: Өлеңді көрнекі құралдар көмегімен жатқа айтуға, оны дұрыс ырғағымен мәнерлеп оқуға үйрету.	Құрастыру Тақырыбы: «Әдемі Шырша» Мақсаты: Жаңа жыл мерекесіне дайындық ретінде түрлі тәсілдерді пайдаланып қағаздан шыршаны бүктеп, қиып жасай білуге үйрету, қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Жарық шашқан шамдар» Негізгі қимылдары: 1,5 метр қашықтықта тұрған педагогтің лақтырған добын қағып алу және қайта лақтыру. Еденде жатқан жазық шеңберге секіру. Мақсаты:табанның бұлшық ет аппаратын, иық белдеуі бұлшық еттерін нығайту.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Бөлме гүлдері» Мақсаты:Балалардың бөлме гүлдері туралы түсінігін кеңейту.Бөлме гүлдерін өсіруге қызығушылығын ояту,байқампаздық қабілеті мен білуге деген құштарлығын дамыту. Бөлме гүлдеріне қамқор болуға үйрету. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Менің шанам қуыршақты сырғанатады (таза ауада) Негізгі қимылдары: Қуыршақты шанамен сырғанату. Алға екі аяқпен секіру. Мақсаты:шананы төбешіктен сырғанату дағдысын қалыптастыру Сурет салу Тақырыбы: «Қазақтың ұлттың ою-өрнегінің екі элементі» (жолақша). Мақсаты: Өрнекті кілемшені қазақтың ою-өрнек элементтерімен әшекейлей

					білуге үйрету. Ою-өрнектер туралы түсініктерін дамыту. Кілемшені «Қой ізі» және «ирексу» өрнегімен әшекейлеуді үйрету.
Серуенге дайындық	Киімдерін мұқият киінулерін ескерту, киім шкафтарын жинақтай білуді, түймелерін салуды үйрету.				
Серуен	1.Бақылау.Қар жауып тұрған құбылысты бақылау. Мақсаты: қардың жауып тұрғанын бақылау,ауа-райына байланысты құбылыстарды түсіндіру,аязды күнде қар жеңіл болады,олар ауада би билегендей, жылырақ күнде қар ауырлау тартады,-қалықтап жерге түседі,суық күнде қар ұшқындары жеделдеп жауады. 2.Еңбек: Бірі қар жинаса,бірі оны тасиды,шанаға артады,ұжым болып бәрі қарды тазалауға қатысады. 3.Қимылды ойын:«Аңшы мен қояндар». Мақсаты: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу,жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру. 4.Жеке жұмыс: «Адасқан қар қиыршықтары» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастыру. 5.Еркін ойын				
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу барысында қатармен ішке кіруді ескерту. Киімдерін ыждағатты шешіне білуге үйрету.				
Түскі ас.	Тамақ ішер алдында жуынуларын қадағалау. Қасықты дұрыс пайдалана білулерін бақылау жасау				
Ұйқы			«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату.	«Бесік жыры» әуенімен ұйықтату.	«Балапаным» әуенімен ұйықтату.
Біртіндеп ояту, Ауа, су, ем шаралары	Ұйқыдан ояну жаттығуларын жасау. Керіліп-созылулар, жуыну шараларын жалғастыру.				
Бесін ас	Бесінгі ас барысында үстелде дұрыс отыруларын ескерту. Тамақты тауысып жеулерін қарау.				
Ойындар дербес әрекет			«Дидактикалық ойындар» Тақырыбы: «Апта күндері» Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету Мақсаты: Есте сақтау қабілеттерін дамыту	Жаңылтпашты дұрыс қайталай білуге үйрету. Қыста жауды қар Аппақ қар Ақшақа Жауды қар Мақсаты: балаларды шапшандыққа баулу.	Қимылды ойын: «Шеңберге таста» Мақсаты: Балалардың қимыл қозғалысын жетілдіру, шапшандыққа үйрету ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
Баланың жеке даму картасына сәйкес			Жақсылыққа «Қыс келді» сурет арқылы әңгімелету. (2-3 сөзбен байланыстырып сөйлеуге).	Алиханға сурет сала білуге үйрету. Аққаланың суретін нүкте арқылы салуға, салған суретін әңгімелеп беруге дағдыландыру	Нұрасылға жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Қыс» (сурет арқыл). Мақсаты: баланың сөздік қорын байыту, қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.
Серуенге дайындық	Серуенге шығар алдында мұқият киіне білулерін ескерту, жекелеген балаларға көмек көрсету				
Серуендеу.	Серуен барысында айналадағы заттарды қарау. Еркін іс-әрекеттер жасау.				
Серуеннен оралу	Киімдерін ретімен жинауларын ескерту, қадағалау.				
Балалардың үйге қайтуы			Ата аналарға баланың тілін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар. Жылжымалы папка.	Жаңа жылдық көрме «Қол еңбегі»	Желтоқсан айында туған балаларды туған күндерімен құттықтау.

Желтоқсан айының IV-апта 23– 27 аралығындағы ПДТ «Құлпынай» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: «Менің Қазақстаным!»

Апта тақырыбы: «Қош келдің, Жаңа жыл!»

Тәрбиеші: Джамалова Гүлзира

Күн тәртібі	Дүйсенбі: 23.12.2019	Сейсенбі: 24.12.2019	Сәрсенбі: 25.12.2019	Бейсенбі: 26.12.2019	Жұма: 27.12.2019
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым қатынасы: Жаңа жыл мерекесі туралы әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
Ойындар(үстел үсті, дидактикалық, саусак т.б)	Құрылыс ойындары: «Үлкен үй» Мақсаты: Балалармен құрылыс ойыны кезінде тату ойнауға, кірпіштерді тізбелеп қоюға үйрету.Өз жұмыстарына қызығушылықтарын арттыру.	Санамактар айтқызу Алма кетті домалап Өзен бойып жағалап Кім алманы қуады Сол ойыннан шығады Шық шық шық Сол алманы алып шық. Мақсаты: балаларды шапшандыққа баулу.	Дидактикалық ойын: «Жұп суреттер» Мақсаты: Балалардың байқампаз қабілетін дамыту; заттардың, суреттердің ұқсастық пен айырмашылықтарын табуға үйрету; балалардың сөйлеу қабілетін арттырып, ұқсас, әр түрлі, бірдей сөздерін үйрету.	Үстел: «Мозайка» Мақсаты: Мозайканы түстері бойынша орналастыру Аққала жасау.	Дидактикалық ойын: «Ойыншық өзі туралы не айтады?» Мақсаты: Балаларды заттардың өзіне тән өзгеше ерекшеліктерін сипаттауға үйрету; сөйлеу, тыңдау қабілетін дамыту үсті ойыны:
Таңертенгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу №7				
Таңғы ас	Тамақты асықпай жеуге, отырғышқа дұрыс отыруын, тамақтан соң алғыс айта білулерін қадағалау.				
Ойындар . Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Қимылды ойын «Түсі қандай?» Мақсаты: Балаларға заттарды түсіне қарай ажырата білуге үйрету.	Дидактикалық ойын: «Ойыншық өзі туралы не айтады?» Мақсаты: Балалардың тыңдау,сөйлеу қабілетін дамыту.	Қимылды ойын : «Өз түсінді тап» Мақсаты: Балаларды түстерін ажыратып,таба білуге үйрету.	Қимылды ойын : «Ұшақ» Мақсаты: Балалардың қызығушылығын арттырып,шапшандықпен ойнауға үйрету.	Қимылды ойын : «Орамал тастамақ» Мақсаты: Балаларға шапшандықпен ойнауға баулыту.
Ұйымдастырылған оқу қызметі (үзілістермен бірге)	Аппликация Тақырыбы: «Шырша шамдарын жағамыз» Мақсаты: Жаңа Жыл мерекесі және қыс мезгілі туралы білімдерін дамыту; мереке ерекшелігін сезіне білуді үйрету; шыршаны безендіре білуді үйрету; тапсырманы ұқыптылықпен орындауға тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Зима. Праздник елки» Цель: Продолжать расширять словарный запас детей. Повторить с детьми программную песню, посвященную зиме и елочке. Воспитывать интерес к русскому языку. Экология негіздері Тақырыбы: «Қонаққа дастарқан жаямыз» Мақсаты: қоршаған ортадағы заттар туралы білімдерін дамыту, олардың қасиеттерімен таныстыру. Міндеттері: 1. Бідыс-аяқ және оның қасиеттері, пайдалану әдісі туралы	Сурет салу Тақырыбы: «Шырша шамдары» Мақсаты: Шыршаны әшекейлеу үшін түрлі әдістермен, қылқаламмен, мақталы таяқшамен сурет салу әдістерін үйрету арқылы эстетикалық талғамын дамыту, әдемілікті, әсем безендірулерді сезіне білуге тәрбиелеу. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Түрлі түсті жалаулар» Негізгі қимылдары: музыкалы-ырғақты қимылдар(музыкамен маршпен жүру). Қолдарын екі жаққа созып, еденде жатқан баспалдақтың тақтайшаларын аттап өту. Мақсаты:қимыл үйлесімділігін, тепе-теңдікті сақтау дағдысын	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Шана тебеміз» (әңгіме құрастыру). Мақсаты: Тәрбиеші үлгісі бойынша құрастыруға үйретуді жалғастыру. Киім (түс және мөлшер), әрекет (тебеміз, жүгіреміз, ойнаймыз т.б.) атауларын бекіту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді қолдану(жылы-суық,тұрды-кұлады). Музыка Тақырыбы: «Қысқы әуен» Мақсаты: музыканы тыңдау, есте сақтау, ән айту қабілеттерін жетілдіру; әнді тыңдап, аспаптың сүйемелдеу даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру; ересектермен бірге ән салуға, әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындауға үйрету; балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Жоғары – төмен. Үшбұрыш» Мақсаты: заттардың өзінің айналасындағы кеңістікте орналасуын ажыратып, атау ұғымын қалыптастыру (жоғары – төмен). геометриялық пішіндермен таныстыруды жалғастыру: үшбұрыш. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бір-екі, бір-екі, біз жасаймыз аққала!» Негізгі қимылдары: допты жоғары лақтыру және қағып алу. 15 см биіктіктен тереңдікке секіру. Мақсаты:допты лақтыру және ұстап алу дағдысын қалыптастыру.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Алтын балық қайда тұрады?» Мақсаты: Балықтың екі-үш түрін тану және ажырата білуге үйрету. Оларға тән белгілерді көру және оларды бір-бірімен салыстыру қабілетін дамыту. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз шананы сүйрейміз» (таза ауада) Негізгі қимылдары: шананы бірде оң қолмен, бірде сол қолмен кезек-кезек сырғанату; Шанамен бі-бірін сырғанату (бір бала шанаға отырады, екі бала шананы сүйрейді). Мақсаты:шанамен сырғанау дағдысын қалыптастыру

	білімдерін жинақтау. 2. Заттардың сапалары мен қасиеттерін:сипап сезу, қарастыру арқылы тануды қалыптастыру. 3.Ыдыстарға ұқыпты қарау дағдыларын тәрбиелеу.	қалыптастыру.	Музыка тыңдау: «Шырша» Ж. Мұхамеджанов. Ән айту. «Аязата» Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев. «Аққала» Б. Дәлденбай,		
Серуенге дайындық	Киімдерін мұқият киінулерін ескерту , киім шкафтарын жинақтай білуді , түймелерін салуды үйрету.				
Серуен	1.Бақылау.«Қырау басқанағаштарды бақылау» Мақсаты: ағаштардың қыс мезгіліндегі өзгерісі туралы түсініктерін орнату, ағаштардың тамырын суықтан қорғау үшін жасалатын шаралармен таныстыру;. 2.Еңбек:бір-біріне кедергі жасамай жұмыс істеуді үйрету. 3.Қимылды ойын:«Суық қойлар» Мақсаты: қимылды жаттығуларды жасауды үйрету,тапқырлық таныта білу. 4.Жеке жұмыс: тәжірбие жасау: мұз бен су (заттың бір түрден басқа түрге айналуы) 5.Еркін ойын: Еркін ойында қар лактыру, қар бетіне іздерін түсіру.				
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу барысында қатармен ішке кіруді ескерту. Киімдерін ыждағатты шешіне білуге үйрету.				
Түскі ас.	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі				
Ұйқы	Әлди әуенімен тыныштық сәті	«Бесік жыры» әуенімен ұйықтату.	«Әлди -әлди» әуенімен ұйықтату.	«Балапаным» әуенімен ұйықтату.	«Балапаным»әуенімен ұйықтату.
Біртіндеп ояту, Ауа, су, ем шаралары	Жай ойнаған музыканың ырғағымен оянып,сергіту жаттығуларын орындау.Салқын сумен жуыну.Гигиеналық шаралар.				
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.				
Ойындар дербес әрекет	Қимылды ойын: «Шеңберге таста» Мақсаты: Балалардың қимыл қозғалысын жетілдіру, шапшаңдыққа үйрету ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Вариативтік компонент «Ертегілер еліне саяхат» Тақырыбы: «Көз көруге тоймайды,құлақ естуге жалықпайды» Мақсаты: Кейіпкерлердің рөлін атқара білуге дағдыландыру,ертегіні сахналау.	Үстел үсті ойыны: «Танып ал да, атын ата» Көп ойыншықтардың ішінен біреуін таңдап алып, атын, түсін, жұмсақ па әлде қатты ма ажырата айта білуі. Мақсаты:балалардың ойлау қабілетін жетілдіру.	Сюжетті рольді ойын: «Шаштараз» Мақсаты: Шаштараз ойынын ойнау арқылы бір бірімен тілдік қарым қатынас жасауға үйрену.	Дидактикалық ойын: «Ғажайып дорба» Мақсаты: Балалардың қызығушылығын оята отырып, заттарды сипаттап айтуға үйрету.
Баланың жеке даму картасына сәйкес	Нұрасылға жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Қыс» (сурет арқыл). Мақсаты: баланың сөздік қорын байыту, қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Наиль мен Әлуалиді диалог арқылы сөйлесуге жаттықтыру; ауызша белгіге жылдам әрекет етуге үйрету.	Дамирге «Р», «Л» дыбыстарынан келетін сөздерді дыбыстап айтқызу.	Мирасқа «Қыс қызығы » суреттер арқылы әңгімелеу.	Батырханға түстерді ажырата білуге үйрету.
Серуенге дайындық	Серуенге шығар алдында мұқият киіне білулерін ескерту, жекелеген балаларға аяқ киімін дұрыс киюіне көмек көрсету				
Серуендеу.	Серуен барысында айналадағы заттарды қарау. Еркін іс-әрекеттер жасау.				
Серуеннен оралу	Киім шкафтарына киімдерін ретімен жинауларын ескерту, қадағалау.				
Балалардың үйге қайтуы	Желтоқсан айында туған балаларды туған күндерімен құттықтау.	«Қош келдің жарқыраған жаңа -жылым»	«Дені саудың-жаны сау» Балалардың денсаулығына назар аудару.	Ұсыныс: ата-аналарға ертеңгілікке кешікпей балаларды әкелу, киімдерін қадағалау	«Асық ойынының маңыздылығы»

Желтоқсан айының V-апта 30–3 аралығындағы ПДТ «Құлынай» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: «Менің Қазақстаным!»

Апта тақырыбы: «Қош келдің, Жаңа жыл!»

Тәрбиеші: Джамалова Гүлзира

Күн тәртібі	Дүйсенбі: 30.12.2019	Сейсенбі: 31.12.19	Сәрсенбі: 01.01.2020	Бейсенбі: 02.01.2020	Жұма: 03.01.20
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым қатынасы: Жаңа жыл мерекесі туралы әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату				
Ойындар(үстел үсті, дидактикалық, саусак т.б)	Аңдар туралы әңгімелеу. Қимылды ойын: «Қасқыр мен қояндар» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу.	Жабайы аңдар туралы әңгіме жүргізу. Жай қимылды ойын: «Көжектер» Мақсаты: балалардың көңілін көтеру.			
Таңертенгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу №7				
Таңғы ас	Тамақты асықпай жеуге, отырғышқа дұрыс отыруын, тамақтан соң алғыс айта білулерін қадағалау.				
Ойындар . Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Қимылды ойын «Түсі қандай?» Мақсаты: Балаларға заттарды түсіне қарай ажырата білуге үйрету.	Қимылды ойын: «Өз түсінді тап» Мақсаты: Балаларды түстерін тауып ажыратуға үйрету.			
Ұйымдастырылған оқу қызметі (үзілістермен бірге)	Апликация Тақырыбы: «Шырша шамдарын жағамыз» Мақсаты: Жаңа Жыл мерекесі және қыс мезгілі туралы білімдерін дамыту; мереке ерекшелігін сезіне білуді үйрету; шыршаны безендіре білуді үйрету; тапсырманы ұқыптылықпен орындауға тәрбиелеу. Орыс тілі Тема: «Зима. Праздник елки» Цель: Продолжать расширять словарный запас детей. Повторить с детьми программную песню, посвященную зиме и елочке. Воспитывать интерес к русскому языку. Экология негіздері Тақырыбы: «Қонаққа дастарқан жаямыз» Мақсаты: қоршаған ортадағы заттар туралы білімдерін дамыту, олардың қасиеттерімен таныстыру. Міндеттері: 1. Ыдыс-аяқ және оның қасиеттері, пайдалану әдісі туралы білімдерін жинақтау. 2. Заттардың сапалары мен	Сурет салу Тақырыбы: «Шырша шамдары» Мақсаты: Шыршаны әшекейлеу үшін түрлі әдістермен, қылқаламмен, мақталы таяқшамен сурет салу әдістерін үйрету арқылы эстетикалық талғамын дамыту, әдемілікті, әсем безендірулерді сезіне білуге тәрбиелеу. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Түрлі түсті жалаулар» Негізгі қимылдары: музыкалы-ырғақты қимылдар(музыкамен маршпен жүру). Қолдарын екі жаққа созып, еденде жатқан баспалдақтың тақтайшаларын аттап өту. Мақсаты: қимыл үйлесімділігін, тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру.			

	қасиеттерін:сипап сезу, қарастыру арқылы тануды қалыптастыру. 3.Ыдыстарға ұқыпты қарау дағдыларын тәрбиелеу.				
Серуенге дайындық	Киімдерін мұқият киінулерін ескерту , киім шкафтарын жинақтай білуді , түймелерін салуды үйрету.				
Серуен	1.Бақылау:«Қала көшелерін бақылау» Мақсаты: тәрбиеші көшеде тәртіп сақтау туралы, жол жүру ережесі туралы, көліктердің көптеген түрі туралы білімдерін анықтап, толықтыру. 2.Сұрақтар:Көшедегі үйлер қандай? Көшедегі көліктер бір бағытта жүре ме, әлде екі бағытта жүре ме?Жүргіншілер қайда, қандай жолмен жүруі керек? 3.Көркем сөз: Менің атым «бағдаршам» мекен жайым тұрақты, Жақсы білем міндетімді,мүдірмеймін ешқашан. Жол сілтейтін белгілер бөлінеді төрт топқа. 4.Қимылды ойын: «Жанады,жанбайды» ойыны Мақсаты:тез жүгіруге , шыдамдылыққа жаттықтыру. 5.Еңбек:балабақшаның маңын қардан тазарту. Мақсаты:күрекпен жұмыс істеуге,бірлесіп еңбек атқаруға,істі аяғына дейін тыянақты орындауға үйрету. Жеке жұмыс: мұздың үстімен сырғанап білу. Жұмбақтар: Менің үшкөзім бар, Бір көзім «кідір» дейді, Бір көзім «жүгір» дейді, Бір көзім «абайла» дейді, «Қарап ал маңайға!» -дейді.				
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу барысында қатармен ішке кіруді ескерту. Киімдерін ыждағатты шешіне білуге үйрету.				
Түскі ас.	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі				
Ұйқы	Баяу әуенмен ұйқтату.	«Балапаным» әуенімен ұйқтату.			
Біртіндеп ояту, Ауа, су, ем шаралары	Жай ойнаған музыканың ырғағымен оянып,сергіту жаттығуларын орындау.Салқын сумен жуыну.Гигиеналық шаралар.				
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.				
Ойындар дербес әрекет	«Шаштараз» Мақсаты: Шаштараз ойынын ойнау арқылы бір бірімен тілдік қарым қатынас жасауға үйрену	Вариативтік компонент «Ертегілер еліне саяхат» Тақырыбы: «Көз көруге тоймайды,кұлақ естуге жалықпайды» Мақсаты: Кейіпкерлердің рөлін атқара білуге дағдыландыру,ертегіні сахналау.			
Баланың жеке даму картасына сәйкес	Мұхаммеджанға «Қыс қызығы » суреттер арқылы әңгімелеу.	Ғасырбекке түстерді ажырата білуге үйрету.			
Серуенге дайындық	Серуенге шығар алдында мұқият киіне білулерін ескерту, жекелеген балаларға аяқ киімін дұрыс киюіне көмек көрсету				
Серуендеу.	Серуен барысында айналадағы заттарды қарау. Еркін іс-әрекеттер жасау.				
Балалардың үйге қайтуы	«Асық ойынының маңыздылығы»	Желтоқсан айында туған балаларды туған күндерімен құттықтау.			

Қаңтар айының І - апта 6– 10 аралығындағы ПДТ «Құлпынай» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: «Табиғат әлемі»

Апта тақырыбы: «Аңдардың қысқы тіршілігі»

Тәрбиеші: Джамалова Гүлзира

Күн тәртібі	Дүйсенбі: 06.01.2020	Сейсенбі: 07.01.2020	Сәрсенбі: 08.01.2020	Бейсенбі: 09.01.2020	Жұма: 10.01.2020
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру.				
Ойындар(үстел үсті, дидактикалық, саусақ т.б)	Саусақ жаттығуы: Саусақтар жүреді. Екі саусақпен 5-ке дейін тура және кері санап, алға- артқа жүреді.		«Қыс қызығы». Ойын: «Жел соғып тұр». Мақсаты: Кез келген жағдайларда қатты немесе ақырын дауысты қолдана білуді дамыту.	Аңдар туралы әңгімелеу. Қимылды ойын: «Қасқыр мен қояндар» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу.	Үстел үсті ойын: Тіл ұстарту жаттығу: Ты-ты-ты құстар самғап ұшы Ын-ын-ын бұл қызықты ойын.
Таңертенгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу №8				
Таңғы ас	Тамақты ұқыпты, асықпай жеуге, нанды қадірлей білуге үйрету. Тамақтан соң алғыс айта білулерін қадағалау.				
Ойындар. Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Қимылды ойын: «Ұшты, ұшты» Мақсаты: балалардың аңғарымдылығын, қимыл қозғалысын дамыту шаралар.		Қимылды ойын: «Аңдардың қимылын салу» Мақсаты: Қимыл-қозғалыстарын дамыту	Қимылды ойын «Түсі қандай?» Мақсаты: Балаларға заттарды түсіне қарай ажырата білуге үйрету.	Қимылды ойын: «Құстар ұшты» Мақсаты: Балалардың қимыл - қозғалыстарын дамыту.
Ұйымдастырылған оқу қызметі (үзілістермен бірге)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жасыл шырша жанында» (өлең бойынша әңгіме құрастыру жаттау). Мақсаты: А.Асылбекұовтың «Жасыл шырша жанында» атты өлеңінің мазмұны бойынша әңгіме құрастыру, үйрету. Музыка Тақырыбы: «Қоянда конақта» Мақсаты: Көңілді сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау; әуен сипатына үн қату және оның бөліктерінің өзгеруін байқай білуге дағдыландыру; әндерді аспаптың сүйемелдеуімен бірге орындай білуге үйрету; жануарлардың қимыл-қозғалысын би қимылдарында көрсете білу.		Музыка Тақырыбы: « Ақ тиін» Мақсаты: музыкалық сүйемелдеумен бір қарқынды ән салуда баулу; жұптаса отырып ырғақты сезіне би қимылдарын орындауға үйрету. Музыкалық қабілеттерін әрі қарай дамыту. Музыка тыңдау: «Полька» Б. Сметана. Ән айту: «Ақ тиін» Ә. Бейсеуов, Н. Жанаев. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Көңілді би» Ө. Байділдаев. «Кім епті?» Н. Ладухи Көркем әдебиет Тақырыбы: «Отан» (өлең) Мақсаты: Отан туралы шығармаларды оқып беру арқылы әдебиетке деген құштарлыққа баулу, өлеңді мәнерлеп оқуға үйрету. Өз Отанын сүйуге жетелеу.	Құрастыру Тақырыбы: «Диван және кереует» Мақсаты: көп түрлі құрылым құрастыру, олардың бөліктері туралы білімді қалыптастыру, құрылыс материалдарын түсіне, пішініне сәйкес дұрыс пайдаланып диванды және кереуетті құрастыра білуге үйрету. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Ақшақар-мен ойнаймыз» Негізгі қимылдары: қолдарын екі жаққа созып, еденде жатқан баспалдақтың тақтайшаларынан аттап өту. Бөренеден (бум) еңбектеп өту. Мақсаты: тепе-теңдікті сақтау және қимыл үйлесімділігі дағдысын қалыптастыру.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Атжалман – біздің досымыз» Мақсаты: Барлық тіршілік иелері адамдар тарапынан белгілі бір күтімді қажет ететіні жөнінде түсінік қалыптастыру. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Қоянның сыйлығы» (таза ауада) Негізгі қимылдары: педагог берген белгіге тоқтап, бір- бірінің артынан сапта жүру және жүгіру. қарды тік тұрған шанаға дәлдеп лақтыру. Мақсаты: спорттық жаттығуларды қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Сурет салу Тақырыбы: «Қар кесегі» Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі, қар туралы түсініктерін кеңейту. Көк түс пен ақ түстің бір-біріне үйлесімділігіне көңіл бөлуді үйрету. Тіс пастасына сұқ саусақты малып, қар

					кесегін салуды үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.
Серуенге дайындық	Киімдерін мұқият киінулерін ескерту, киім шкафтарын жинақтай білуді, түймелерін салуды үйрету.				
Серуен	1.Бақылау.Қайың ағашын бақылау. Мақсаты:қайың ағашының қысқы көркін бақылау,балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу. 2.Еңбек:Қар үйінділерін жинайтын алаңның маңызын түсіндіру.Мақсаты:атқарған жұмыстарына қуануды үйрету 3.Қ/О: «Біз көңілді баламыз».Мақсаты:ойынның тәртібін сақтай отырып,шенбермен жүгіру. 4.Жеке жұмыс: қар бетіне салынған ұзын жол арқылы жүру.Мақсаты:тепе-теңдікті сақтап жүруге дағдыландыру. 5.Еркін ойын				
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу барысында қатармен ішке кіруді ескерту.Әр бала өз шкафын суреті бойынша тауып, киімдерін шешіп бүктеу керек екендігін қайталау.				
Түскі ас.	Тамақ ішер алдында жуынуларын қадағалау. Қасықты дұрыс пайдалана білулерін бақылау жасау				
Ұйқы	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату.		«Балапаным» әуенімен ұйықтату.	«Қызыма» әуенімен ұйықтату.	« Әлди -әлди»әуенімен ұйықтату.
Біртіндеп ояту, Ауа, су, ем шаралары	Ұйқыдан ояну жаттығуларын жасау. Керіліп-созылулар, жуыну шараларын жалғастыру.				
Бесін ас	Бесінгі ас барысында үстелде дұрыс отыруларын ескерту. Тамақты тауысып жеулерін қарау.				
Ойындар дербес әрекет	«Ертегілер әлемінде» Тақырыбы: «Айлакер түлкі» ертегісі (Оқып беру) Мақсаты:Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін,жүріс-тұрысын талдау,оларға қабылданған ережелерге сәйкес баға беруге үйрету		Сюжеттік-рөлдік ойын: «Дәмхана» Мақсаты: ұжымшылдыққа баулу.	«Шаштараз» Мақсаты: Шаштараз ойынын ойнау арқылы бір бірімен тілдік қарым қатынас жасауға үйрену	Д/ойын. «Үй жануарлары менжабайы жануарларды ата» М/ы:Тез ойлау қабілетін,зейінің тәрбиелеу,белсенділігін арттыру.
Баланың жеке даму картасына сәйкес	Инаятқа дидактикалық ойын: «Көліктер» Мақсаты: Балалардың көлік түрлерін,танымын дамыту.		Жақсылықпен дидактикалық ойын: «Кім қайда жасырынды?» Мақсаты: көріп таба білу қабілеттерін дамыту, дыбыстарды анық айтуға үйрету. Дұрыс сөйлеуін қадағалау	Мирасқа «Қыс қызығы » суреттер арқылы әңгімелеу.	Ералыға пішіндерді бояту. Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру.
Серуенге дайындық	Серуенге шығар алдында мұқият киіне білулерін ескерту, жекелеген балаларға көмек көрсету				
Серуендеу.	Қыстаған құстарға,хайуанаттарға қамқоршы болуға тәрбиелеу.				
Балалардың үйге қайтуы	Балалар жұмысынан көрме.мүсіндеу ұйымдастырылған оқу іс- әрекеті бойынша.		«Таңғы жаттығудың маңызы»	«Асық ойынының маңыздылығы»	Балалардың үнемі таза жүруін қадағалау Балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу

Қаңтар айының II- апта 13-17 аралығындағы ПДТ «Құлпынай» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: «Табиғат әлемі»

Апта тақырыбы: «Қыстайтын құстар»

Тәрбиеші: Джамалова Гүлзира

Күн тәртібі	Дүйсенбі: 13.01.2020	Сейсенбі: 14.01.2020	Сәрсенбі: 15.01.2020	Бейсенбі: 16.01.2020	Жұма: 17..01.2020
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Жағымды жағдай орнату.Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.				
Ойындар(үстел үсті, дидактикалық, саусақ т.б)	Үстел-үсті ойыны: «Танып ал да, атын ата» Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту	Дидактикалық ойын: «Бәтеңкеге бау байла» Мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жінішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.	Әңгімелесу:«Көңілді қыс» . Қазір қай мезгіл? Қыс қандай болады? Қыста адамдар қалай киінеді? Қандай қысқы ойындарды білеміз? Мақсаты:сұрақ жауап арқылы сөздік қорларын дамыту.	Сергіту жаттығу: Қыздырайық денені, Кел,балалар,кел бері. Қыздырайық денені Орнымызда тұрып-ақ. Жүгірейік бір уақ бір,екі,үш, Бір,екі,үш!	Дидактикалық ойын: «Қайсысы артық?» Мақсаты:карточка арқылы қысқы және жазғы ойыншықтарды ажыратуды үйрету(шана,шаңғы,коньки,доп.).
Таңертенгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу №8				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Үстел үстінде дұрыс отыруын, құрал жабдықтарды дұрыс пайдалана білуін қадағалау, тәрбиеші көмекші апайлардың еңбегіне алғыс айту				
Ойындар Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	Қимылды ойын: «Қимылын көрсет». (қоян,аю,ұшақ) Мақсаты:балалардың шапшаңдыққа,қимыл қозғалысын дұрыс жасауға,ойын ережелерін сақтауға үйрету .	Қимылды ойын : «Өз түсінді тап» Мақсаты: Балаларды түстерді ажыратып таба білуге үйрету.	Қимылды ойын: «Ұшты -ұшты» Мақсаты: Шапшаңдыққа,ептілікке үйрету.	Қимылды ойын: «Қандай пішін» Мақсаты: Балаларды сөйлем құрауға,ажырата білуге үйрету.	Дидактикалық ойын: «Қандай көлік» Мақсаты: Көліктер жайлы мағұлмат беру,сөздік қорларын дамыту.
Ұйымдастырылған оқу қызметі (үзілістермен бірге)	Музыка Тақырыбы: «Қоянда қонақта» Мақсаты: әуен сипатына үн қату және оның бөліктерінің өзгеруін байқай білуге дағдыландыру; әндерді аспаптың сүйемелдеуімен бірге орындай білуге үйрету; жануарлардың қимыл-қозғалысын би қимылдарында көрсете білу. Ән тыңдау. «Қояндар» Е. Тиличеева. Ән айту: «Ақ қоян» Б.Аманжол, Н. Жанаев. «Аязата» Б. Дәлденбай, Ж. Әбдірашев (қайталау). Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Қояндар биі» Ж. Оффенбах. «Қояндар мен аю» («Қояндар маршы») А. Райымқұлова Орыс тілі Тема: «Одежда.Обувь»	Мүсіндеу Тақырыбы: «Аққала» Мақсаты: Балаларға қар және оның қасиеті туралы түсінік беру. Домалақтарды біріктіру арқылы бейне құрастыра білуді дамыту.н. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Мұзы қатқан айдынды, Жаңа жауған қар басты» Негізгі қимылдары: 15 см биіктіктен тереңдікке секіру. Шеңбер құрып тұру. Мақсаты:тереңдікке секіру дағдысын қалыптастыру.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қысқы серуен» (әңгіме құрастыру). Мақсаты: Сурет бойынша әңгімелетуді жалғастыру. Қыс мезгілін сипаттай білуге үйрету, сөздік қорларын дамыту. Сөз тіркестерін дұрыс айта білуге жаттықтыру. Сурет салу Тақырыбы: «Сүлгіні әшекейлеу» Мақсаты: Сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, тік төртбұрышты пішіннің ортасына «тұмарша» оюын дұрыс орналастыра білуге үйрету	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Тақырыбы: «Үшбұрыш. Шаршы. Шеңбер» Мақсаты: балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйретуді жалғастыру: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуді жалғастыру, оларды қоршаған ортадан табуға баулу; есту және көрулерін дамыту Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз үлкен болып өсеміз» Негізгі қимылдары: шеңбер құрып тұру. Музыкалық-ырғақты қозғалыстар (музыкалық маршпен жүру). Гимнастикалық қабырғаның екінші сатысына бекітілген көлбеу тақтайдан еңбектеп түсу.	Жаратылыстану Тақырыбы: «Қыста құстарға қамқор боламыз» Мақсаты: Қыстап қалатын құстар туралы түсінік қалыптастыру. Жұмбақ шешу қабілетін дамыту. Балаларды «біздің кішкентай достарымызға» жанашырлық танытуға баулу. Дене шынықтыру Тақырыбы: «Бір, екі, үш, бізбен бірге қайтала!» (Таза ауада) Негізгі қимылдары: кедергілердің арасынан шашыла жүру және жүгіру. Допты екі қолмен тіке бағытта домалату. Домалап бара жатқан заттың соңынан төрттағандап еңбектеу. Қарды бірде оң қолмен, бірде сол қолмен кезек-кезек алысқа лақтыру. Мақсаты:спорттық жаттығуларды қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға

	Цель: Активизация речевых умений и навыков, приобретенных на предыдущих занятиях. Развитие понимания речи, расширение словарного запаса за счет новых лексических единиц по теме. Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: « Мен және менің достарым» Мақсаты: балаларға «Дос», «Достық» құндылығы туралы түсінік беру; Міндеттері: 1. Өзінің есімін, тегін атай білуге жаттықтыру. Топтағы балаларды атымен атауды үйрету; «ұл», «қыз» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту. 2.Баланың айналаны өзі танып-білуіне жағдай жасау. 3. Адамдармен өзара түсінісіп, қарым-қатынас жасай білуге үйрету.			Мақсаты:көлбеу тақтаймен еңбектеу дағдысын қалыптастыру.	қызығушылықтарын қалыптастыру.
Серуенге дайындық	Балаларды киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, оны дұрыстай білулерін қадағалау..				
Серуен	1.Бақылау.Терезедегі өрнектерді бақылау. Мақсаты:Балаларға құбылысты түсіндіру,олардың ойын толықтыру.терезедегі өрнектерді бақылау. 2.Еңбек::қардан бекініс жасауды үйрету.Мақсаты:күрекпен қарды ойып,үй салуды,бекет тұрғызуды үйрету. 3.К/О: «Айлакер түлкі».Мақсаты:оңды-солды жалтырап жүгіруге жаттығу. 4.Жеке жұмыс:қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету. 5.Еркін ойын				
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу.				
Түскі ас.	Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау.тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету.				
Ұйқы	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату.	«Бесік жыры» әуенімен ұйықтату.	«Балапаным» әуенімен ұйықтату.	«Әжеме» әнімен ұйықтату.	«Балапаным» әнімен ұйықтату.
Біртіндеп ояту, Ауа, су, ем шаралары	Ұйқыдан ояну жаттығуларын жасау. Керіліп-созылулар, жуыну шараларын жалғастыру.				
Бесін ас	Тамақты ұқыпты жеулерін қарау.Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау				
Ойындар дербес әрекет	Көңілді қыс ойындарын атап үйрету: (шаңғы тебу,коньки тебу,шанамен сырғанау) М/Ы:ойлау,қабылдау қабілеттерін арттыру сөздік қорын молайту.	Вариативтік компонент «Ертегілер еліне саяхат» Тақырыбы: «Түлкі, түлкі, түлкішек» Мақсаты: Қимылды ойындар арқылы кейіпкерлердің рөлін айтып, белсенді балаларды таңдай отырып, қызығушылығын арттыру.	Табиғат бұрышындағы гүлдердің жапырақтарының шаңын сүрту. Мақсаты:балалардыңеңбекқорлыққатәрбиелеу.	Д/ойын:»Қандай киім жасырынып қалды?» М/Ы:көріп таба білу қабілеттерін дамыту,дыбыстарды анық айтуға үйрету.	Сюжеттік-рөлдік ойын: «Шаштараз» Мақсаты:балалардың бір-біріне деген қарым-қатынастарын нығайту.

Баланың жеке даму картасына сәйкес	Батырханмен Дамирге «Айлакер түлкі» ертегісін саусақ арқылы көрсету. Мақсаты: Ертегіні саусақ театры арқылы көрсете отырып, сөйлеуге деген ынтасын арттыру.	Әминадан құрастыруды сұрау. Мақсаты: пішіндерді көлеміне қарай ажыратуға үйрету.	Нұрасылға тақпақ жаттату. «Сұр қоян» Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбдырды Оиы-қырлы жерлермен Ықтып-ықтып жүгірді. М/ы: тақпақты зейін қойып тыңдауға үйрету.	Хақназарға саусақ гимнастикасын жасау. Мына –саусақ-атам Мына саусақ-әжем Мына саусақ-әкем М\Ы: санамақтың мазмұның түсіндіру.	Ғасырбекке пішіндерді көлеміне қарай орналастыру. М/Ы: танып-білуге ынталы болуға зейінін, есте сақтау қабілетін арттыру
Серуенге дайындық	Киіну: серуенге шығу.				
Серуендеу.	Еркін ойын түрлерін ұйымдастыру				
Балалардың үйге қайтуы	«Саусақ гимнастикасының маңызы» Саусақтармен әр түрлі ойындар ойнауға болатының туралы пікір алмасу.	Балабақшадағы баланың киімі	Отбасында балалардың еркін суреттер салуы туралы пікір алмасу.	«Қыс» мезгілінің тақпақтар беру. Тақпақтарын жаттағаның қадағалау.	Ата-аналарға психологиялық кеңестер

Қаңтар айының III апта 20 – 24 аралығындағы ПДТ «Құлпынай» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.

Өтпелі тақырыбы: «Табиғат әлемі»

Апта тақырыбы: «Қыс қызығы»

Тәрбиеші: Джамалова Гүлзира

Күн тәртібі	Дүйсенбі: 20.01.2020	Сейсенбі: 21.01.2020	Сәрсенбі: 22.01.2020	Бейсенбі: 23.01.2020	Жұма: 24.01.2020
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу.	Тәрбиешінің балалармен қарым қатынасы:қысқы демалыс туралы жеке әңгімелесу, қарым қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
Ойындар(үстел үсті, дидактикалық, саусақ т.б)	Құрлыс ойындар «Үлкен үй» Мақсаты: Балалармен құрылыс ойыны кезінде тату ойнауға, кірпіштерді тізбелеп қоюға үйрету.Өз жұмыстарына қызығушылықтарын арттыру.	Санамақтар айтқызу Алма кетті домалап Өзен бойып жағалап Кім алманы қуады Сол ойыннан шығады Шық шық шық Сол алманы алып шық.	Үстел үсті ойыны: «Мозайка» Мақсаты: Мозайканы түстері бойынша орналастыру Аққала жасау.	Дидактикалық ойын:Жұп суреттер Балалардың байқампаз қабілетін дамыту; заттардың, суреттердің ұқсастық пен айырмашылықтарын табуға үйрету; балалардың сөйлеу қабілетін арттырып, ұқсас, әр түрлі, бірдей сөздерін үйрету.	Дидактикалық ойын: Ойыншық өзі туралы не айтады? Балаларды заттардың өзіне тән өзгеше ерекшеліктерін сипаттауға үйрету; сөйлеу, тыңдау қабілетін дамыту.
Таңертенгілік гимнастика	Ертеңгілік жаттығу №9				
Таңғы ас	Тамақты ұқыпты, асықпай жеуге, нанды қадірлей білуге үйрету. Тамақтан соң алғыс айта білулерін қадағалау.				
